

Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тіс (денталық) имплантатын сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 1 қарашадағы № 158 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің 1 және 6 негізгі қағидаларына сәйкес тіс протезін (жеке тісті, көпірді, жабынды протезді) орнату және бекіту мақсатында адамның жоғарғы немесе төменгі жақ сүйегіне имплантацияланатын, жоғалтқан тістің түбірін алмастыратын бұрандалы бұранда болып табылатын, титаннан немесе оның қорытпаларынан жасалған тіс (денталық) имплантаты Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 9021 29 000 9 кіші субпозициясында сыныпталады .

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович